

«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі 2025–2026 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурс жариялайды

- 1. Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасы:**
оқытушы – 2 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде)
- 2. Ақпараттық-техникалық ғылымдар кафедрасы:**
Информатика пәнінің оқытушысы – 2 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде)
Математика пәнінің оқытушысы – 1 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде)
- 3. Тарих және география кафедрасы:**
аға оқытушы (тарих) – 1 бірлік (русский язык)
Тарих пәнінің оқытушысы – 2 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде)
- 4. Бизнес және басқару кафедрасы:**
аға оқытушы (қаржы) – 1 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде)
- 5. Филология кафедрасы:**
Түрік тілі оқытушысы – 2 бірлік
аға оқытушы (орыс тілі) – 1 бірлік
Орыс тілі оқытушысы – 1 бірлік
- 6. Педагогика және психология кафедрасы:**
оқытушы (педагогика и психология) – 1 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде)
оқытушы (бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі) - 1 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде)
оқытушы (психологии) - 1 бірлік (мемлекеттік, орыс тілдерінде).

ТАЛАПТАР

Білімі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура), бейіні бойынша жоғары білім, маман.

Қосымша: оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес біліктілігін арттырудан өткенін куәландыратын құжат.

Жеке қасиеттер (soft skills): мейірімділік, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ

Жұмыс уақыты: 5 күндік жұмыс аптасы

Жұмыс кестесі: 9.00- 18.00

Еңбекақы төлеу жүйесі: ай сайынғы

Сыйлықақы беру жүйесі: сараланған төлем

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУ

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар 2025 жылдың 29 тамызына дейін қабылданады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға құжаттарды қолма-қол немесе пошта арқылы ұсынады (071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 11). Сканерлік нұсқадағы құжаттар «конкурсқа қатысу үшін» деген белгісі бар d.razieva@abu.edu.kz электрондық пошта арқылы қосымша жіберіледі.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

Университеттің қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

- Университет Президентінің атына өтініш;
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- автобиография;
- жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжаттар;
- соңғы 3 жылдағы қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса);
- жұмыс орны (қолданыстағы не соңғысы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
- құжаттарды ұсынған күнге дейін кемінде алты ай бұрын берілген № 075 нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика комитеті беретін есепке алу және арнайы есепке алу бойынша адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы наркологиялық ұйымнан анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);
- психоневрологиялық ұйымнан конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);
- дербес деректерді өңдеуге келісім.
- соңғы 5 жылдағы ғылыми еңбектердің тізімі.

Университет қызметкерлері болып табылатын тұлғалар келесі құжаттарды ұсынады:

- Университет Президентінің атына өтініш;
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және соңғы 3 жылдағы салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
- құжаттар ұсынылған күнге дейін алты айдан аспайтын уақытта берілген №075 нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;
- адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін есепке алу жөніндегі мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- Наркологиялық ұйымнан конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);
- конкурсқа қатысушының есепте тұрмағаны туралы Психоневрологиялық ұйымнан анықтама (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);
- 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дербес деректерді өңдеуге келісім;
- соңғы 5 жылдағы ғылыми еңбектер тізімі.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т. б. беруге құқылы.

Өтінішті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады:

- 1) құжаттарды беру мерзімін бұзу;
- 2) біліктілік және конкурстық талаптарға сәйкес келмеуі.

К участию в конкурсе не допускаются лица:

- 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес Педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылғандар;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
- 3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарында психикалық, мінез-құлық бұзылыстарымен (ауруларымен), оның ішінде психоактивті заттарды қолдануға байланысты есепте тұрған;
- 4) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ;
- 5) қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін: кісі өлтіру, денсаулығына қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) соттылығы болған немесе бар адамдар (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін қылмыстық жауаптылықта болған адамдар;
- 6) ҚР уәкілетті органы бекіткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін;
- 7) ҚР уәкілетті органы бекіткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (ПОҚ) үшін кәсіптік стандартта қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін;
- 8) қолданылу мерзімі аяқталмаған тәртіптік жазасы бар адамдар.

КАНДИДАТТЫ БАҒАЛАУ

Кандидаттың қызметін алдын ала бағалау бакалавриат пәні бойынша семинар / практикалық / зертханалық сабақтың авторлық әзірлемесі негізінде университеттің бейіндік кафедрасында жүзеге асырылады.

Кандидатпен қорытынды әңгімелесу «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін кәсіптік стандартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығында көзделген талаптар шеңберінде өткізіледі.